

«Азаттықты аңсаған алаш арыстары»

Биыл Алаш қозғалысының ғасырлық тойы - Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алаш үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Бұл ұлттық демократиялық қозғалыс тарихындағы елеулі кезең.

Қазақстан ұлттық мемлекетінің басты идеяларының қалыптасуы Алаш қозғалысының идеясынан және Алаш партиясының бағдарламасынан бастау алады.

1917 жылы ақпанда монархиялық биліктің құлауы бұрынғы Ресей империясының территориясында және ұлттық аймақтарында демократиялық қайта құрулардың басталуына негіз берді. Отарлық жағдайда күн кешкен халқының мүддесін қорғап келген ұлт зиялылары жер-жерде құрылып жатқан Уақытша үкіметтің органдарын ұйымдастыруға атсалысып, оларға жетекшілік ете бастады.

1917 жылы көктем-жаз айларында өткен облыстық съездер қазақ қоғамының бірігуіне септігін тигізді. Орынборда, Ақмолада, Оралда, Омбы мен Верныйда өткен съездерді болашақта Алаш қозғалысының негізін құраған қазақ қайраткерлері ұйымдастырды.

Алаш қозғалысының қалыптасу тарихында маңызды орын алған, оның құрылуына түрткі болған І Жалпы қазақ съезі 21-28 шілде аралығында Орынборда өтті. Оған 7 қазақ облысынан делегаттар қатысып, съезге төрағалықты Халел Досмұхамедов жүргізді. Осы жиында қазақ халқының мүддесін қорғайтын саяси партия құру туралы шешім қабылданды.

Күз айларында қазақ облыстарында өткен съездерде «Алаш» партиясының тізіміндегі қайраткерлер Құрылтай жиналысына сайланды. Сайлау науқаны өткен соң шұғыл түрде Әлихан Бөкейханов,



Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтардың жетекшілігімен «Алаш» партиясының жобасы әзірленіп,

21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Онда «Алаш» партиясының қайраткерлері қазақ қоғамындағы ең басты әрі маңызды мәселелері бойынша өз позициясы мен көзқарастарын білдіріп, Ресей құрамындағы қазақ автономиясын құру қажеттігін көтерді.

Қазан революциясынан кейінгі қиын жағдайдан шығу жолын іздестіру мақсатында Алаш қайраткерлері ІІ Бүкілқазақ съезін шақыруды ұйғарды. Съезд 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өтті. Съезд Алаш автономиясын құру туралы шешім қабылдады. Автономияның атқарушы органы ретінде 25 мүшесі бар Ұлт Кеңесі – Алашорда үкіметі құрылды.

Ә. Бөкейханов Алашорда үкіметінің төрағасы болып сайланды.

Алаш қозғалысының ұстанымдары қазақ мемлекеттілігін мақсат етті.

Бірақ, азаттықтың жаршысы болған

Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлеріне көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік болмады. Алаш арыстарының ең басты еңбегі заманның қиыншылықтарына қарамастан ел еркіндігіне ат салысып, қолдан келгеннің бәрін жасады. Сол жолда қанын да, жанын да аяған жоқ. Дегенмен, бостандық жолында құрбан болған Алаш арыстарының еңбегі мен ерлігі зая кеткен жоқ. Олардың арман-мақсаттары бүгінгі таңда орындалды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан оған дәлел.

Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толуына орай Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Азаттықты аңсаған алаш арыстары» атты тарихи-танымдық шара өткізілді. Бұл атаулы шараға университеттің 1-2 курс студенттері қатыстырылды.

Шараның мақсаты - еліміздің болашағы болып табылатын жастарға Алаш идеясын ұстанған ұлттық-

демократиялық зиялылардың саяси қызметі мен ұлттық партия құру идеяларын дәріптеу және ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Дөңгелек үстел барысында Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылуына атсалысқан Алаш қайраткерлерінің қоғамдық – саяси қызметтері туралы баяндамалар оқылып, талқыланды. Агрономия факультетінің АН-11 тобының студенті Асылбекова Фариза «Ақпан революциясы және Алаш қозғалысы», Машина жасау факультетінің ТМО-11 тобының студенті Хожанепесов Жандос «Әлихан Бөкейханов - көрнекті қоғам қайраткері», Агрономия факультетінің ЗУ-11 тобының студенті Рафалова Рабиға «Батыс Алашорда тарихы және Жаһанша Досмұхамедұлы», Агрономия факультетінің ТПП-11 тобының студенті Жангазина Сымбат «У.Танашевтің қоғамдық-саяси қызметі» тақырыптарында баяндамаларын оқыды. Дөңгелек үстел жұмысы барысында студенттер Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметтері туралы өз ойларын ортаға салды.

Алаштың 100 жылдығынелөміріндегі маңызды тарихи оқиға ретінде бағалап, жас ұрпақты отансүйгіштікке, мемлекетшілдікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы деп санау керек. Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылуына атсалысқан Алаш қайраткерлерінің жарқын өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтері бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып табылады.

Жанаргүл МУТАЛОВА,
Қазақстан тарихы және
әлеуметтік – гуманитарлық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы